

Сергеева А.М., Көшім А.Ғ.,
Имашев Э.Ж., Балғалиев А.

**Ақтөбе облысының аймақтық
даму жүйесіндегі кіші
қалалардың экономикалық-
географиялық жағдайы**

Sergeyeva A.M., Koshim A.G.,
Imashev E.Z., Balgalyev A.N.

**Economical-geographical
condition of Aktobe region's
small cities in the system of the
regional development**

Сергеева А.М., Кошим А.Г.,
Имашев Э.Ж., Балғалиев А.

**Экономико-географическое
состояние малых городов
Актюбинской области
в системе регионального
развития**

Мақалада Ақтөбе облысының кіші қалалар мәселелері қарастырылады. Облыс қалаларын іріктеу барысында олардың ауқымдылық шамасын білу өте қажет. Облыстың қалаларында жекелеген элементтер арасындағы өзара байланысын күшейтетін қоныстанудың Хромтау, Қандыағаш, Ақтөбе қалаларының маңында шоғырланған тірек қаңқасының қалыптасу үрдісі жүзеге асырылады. Облыстағы кіші қалалардың экономикалық-географиялық жағдайы, олардың даму мәселелері мақалада жан-жақты қамтылған.

Түйін сөздер: кіші қала, урбандалу, тіректік қаңқа, әлеуметтік-экономикалық жағдай, экономикалық-географиялық жағдай, индустриялық-инновациялық даму.

The article deals with the problems of small cities of Aktobe region. In the classification of cities to study their volume scale is of particular importance. The process of generating a reference frame Khromtau, Kandagach, Aktobe, which strengthens the relationship between the individual elements. The article also details given economic and geographical condition of the small towns in the area and the problems of development.

Key words: small city, urbanization, the support frame, socio-economic condition, economic and geographical condition, industrial-innovative development.

В статье рассматриваются проблемы малых городов Актюбинской области. При классификации городов изучение их объема масштабности имеет особенное значение. Рассмотрен процесс формирования опорного каркаса городов Хромтау, Кандагач, Актөбе, который усиливает взаимосвязь между отдельными ее элементами. В статье также подробно дано экономико-географическое состояние малых городов области и проблемы их развития.

Ключевые слова: малый город, урбанизация, опорный каркас, социально-экономическое положение, экономико-географическое состояние, индустриально-инновационное развитие.

¹Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қ.

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

³М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қ.

*E-mail:imashev_edik@mail.ru

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ АЙМАҚТЫҚ ДАМУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ КІШІ ҚАЛАЛАРДЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ- ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

Кіріспе

Ақтөбе облысы қалаларының өсуі біркелкі емес. Облыстың аумақтық-кеңістіктің құрылымының жағымды жағы аймақтық көші-қонды тартудың орталықтары болып табылады, олар: Ақтөбе қаласынан басқа Хромтау, Қандыағаш қалалары мұнда өсім полностары арасында ыңғайды геоэкономикалық жағдай байқалады. Жалпы, тірек орталығымен қатар Ақтөбе қаласы, аймақ экономикасы үшін өсімнің басты белдеуі ретінде Мұғалжар, Темір, Хромтау аудандары бола алады, мұнда тау-кен өндірісі дамыған.

Шағын қалалардың қазіргі экономикалық жағдайы, олардың өнеркәсіптік даму келешегі мемлекеттің аймақтық даму бағдарламаларын жүзеге асыру үшін маңызды. Нарықтық қатынастардың қалыптасуы мен дамуы қаланың ауылдан бөлініп шығу үрдісін жылдамдатты [1].

Кіші қалаларда қалыптасқан мәселелер төмендегідей:

- қала тұрғындарының өмір сүру деңгейі;
- қаланың сыртқы келбеті;
- қаладағы өндіріс тиімділігінің нәтижесі.

Нарықтық экономиканы дамыту шағын қалалардағы әртүрлі мәселелерді шешуге арналған қаржы ресурстарын демеп отыратын аймақтық дамудың арнайы қорларын құруды, қиын әлеуметтік-экономикалық және экологиялық жағдайдағы мекемелерді субвенциялау саясатын, шаруашылық субъектілерінің аудандарға өз өндірістерін орналастырудағы қосымша шығындарын өтеу, экономиканың салалық және өңірлік құрылымдарын көтеретін өндіріс орындарын салу үшін жер телімдеріне төленетін төлеміне жеңілдіктер белгілеу, қоршаған ортаны ластайтын кәсіпорындарға тиым салуды қамтамасыз ететін экономикалық реттеу әдістерін кең ауқымда қолдануға алып келеді.

Қалалардың өзара әсерлері оларды халық санының өсуіне ортақ жалпы тұрақты күйге қарай бағыттайды. Мұндай топтық әсер әрбір қаладағы халық саны өсуін белгілі бір сәттен бастап кейбір әмбебапты мекендердің әлеуетті дамуының жеке жүзеге асуын қарастыратын жағдайлар жасайды. Мұндай сәт қала шамасы 50 мың тұрғынға жеткенде басталатыны мамандарға бел-

гілі. Осындай қалалар елді мекендердің топтық жүйесін қалыптастырушы орталық қызметке ие болады. Қазіргі кезде Ақтөбе облысындағы кіші қалалардағы халық саны 30 000-нан 1950 адамға дейінгі.

Нәтижелері мен талдау

Ақтөбе облысындағы кіші қалалар хром өндіру және өңдеу, фосфорит, никель кендерін, апатит, әртүрлі минерал тұздарын өндіру негізінде қалыптасқан. Облыстың шағын қалалар жүйесіне Қандыағаш, Алға, Хромтау, Шалқар, Жем, Темір қалалары кіреді. Әр қайсысы өз бағымен маманданған (2-сурет). Облыс жерінен өтетін магистральдар: Орынбор – Ақтөбе – Ташкент, Атырау – Қандыағаш – Орск. Бұлардан кен шығаратын жерлерге тармақ жолдар тартылған.

Қандыағаш Мұғалжар ауданының орталығы, темір жол торабы республикалық маңызы бар ірі тораптардың бірі. Осы өндіріс торабынан Орскіге, Ақтөбеге, Атырау, Оңтүстік Қазақстан экономикалық ауданының ірі қалаларына төрт ірі жол байланысы таралады. Торап өткізгі жүк тасымалында да үлкен рөл атқарады. Осы торапқа жақын жерде Кеңқияқ мұнай кен орындары мен Жаңажол газ кен орындары бар. Бұл өндіріс орындары да Қандыағаш торабының қызметін пайдаланады [2]. Халық саны 30000-нан астам. Төрт бағыттағы Орынбор – Ташкент, Орск – Атырау ірі темір жол торабы өтеді. Сонымен қатар Ақтөбе – Қандыағаш – Атырау, Қандыағаш – Жем тас жолдары бар. Жаңажол – Ақтөбе газ құбыры өтеді. Экономикалық реформаларға сай түрліше жаңа құрылымдар ұйымдастыруға бейім шағын қалалардың бірі.

Қандыағаш қаласының әлеуметтік-экономикалық жағдайы облыс орталығымен және облыстың басқа аудандарымен салыстырғанда даму үстінде. Соңғы жылдары қала аймағында болып жатқан реформалар қаланың дамуына оң әсер тигізуде. Жалпы қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуы – қаланың табиғи және өндірістік ресурстарының жеткілікті екендігін көрсетеді. Қалада каолин шикізаты кен орнының негізінде байыту фабрикасы жұмыс істеуде, сонымен бірге аймақта мәрмәр, гипс және тағы да басқа металдық емес пайдалы қазбалар кен орындарын, құрылыс материалдар өндірістерін ұйымдастыруға мүмкіндік береді. [3]. Мамандардың айтуы бойынша, Қандыағаш қаласында отандық құрылыс индустриясына айналдыруда жаңа материалдар беретін база ретінде іске қосу қажет (сусындық, фармацевтік, әр түрлі әйнек ыдыста-

ры жергілікті базальт кенінің өнімінде жасалатын кірпіш, бетон сияқты құрылыс бұйымдары бүгінгі күні құрылыс индустриясы үшін қажет өнімдер, т.б.).

Шалқар қаласы – Шалқар ауданының орталығы, облыс орталығының оңтүстік-шығыс жағында 363 шақырым қашықтықта орналасқан. Қаланың табиғи отынмен қамтылуы Бұхара-Орал газ құбыры арқылы жүргізіледі. Шалқар – Орынбор – Ташкент темір жолының бойында орналасқан. Ақтөбе облысының шалғай аудандарының бірі Ырғыздың өндірістік-көліктік байланысы республикалық Ырғыз – Шалқар автомобиль магистралі арқылы жүзеге асады. Облысаралық, ауданаралық жүк тасымалында негізінен темір жол көлігінің маңызы зор. Келешектегі Атырау – Кеңқияқ – Құмкөл мұнай құбырының салынуы, ол магистральдың Шалқар өндірістік-көліктік торап арқылы өтуі ауданның көліктік-географиялық жағдайын жақсарттады. Ауданның негізгі даму саласы ауыл шаруашылығы, мұнда негізінен қой өсіру, жылқы және түйе бағумен айналысады. Ауданда құрылыс материалдарын шығару көздері кен орындары шоғырланған.

Экономиканың өнеркәсіп секторын дамыту. Біріншіден, қала құрылысы құрылымын қалыптастыру үшін теміржол көлігін қалпына келтіру және «Бұхара – Орал» газ құбырынан газ тасымалдау нысанының күрделі жөндеуден өткізу. Қаланы депрессивті жағдайдан жағдайдан шығару үшін өндіріс орындарын салу қажет. Мұнда әйнек заводы құрылысын бастауға бірқатар жобалар қаралуда. Мына жобалардың орындалуы мемлекеттің тікелей байланысымен және жобаны ұсынған фирмалардың инвестициялық жағдайына байланысты қарастырылады:


- минералды сулардың негізгі көздерін пайдалана отырып, қалыптасқан кәсіпорындар базасында жаңа, қазіргі талаптарға сай құралдарды сатып алу;
- қызығушы шаруашылық субъектілерімен біріге отырып жылына 100 тонна қайта өңдеуден шығаратын цех құрылысын жүзеге асыру;
- қой, жылқы шаруашылығы және т.б. ауыл шаруашылық өнеркәсіп өнімдерін қайта өңдеуге бағытталған шағын және орта бизнесті дамыту.

Шалқар көлінің маңында орналасқан, Шалқар қаласының аумағында курортты шаруашылық туристік база құрылысын, минерал суының жағасында демалыс және спорттық нысандар жобасын салуға болады. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау министрлігінің мәліметі бойынша Шалқар сулары сапасы жоғары

және адам ағзасына пайдалы ішімдік суы болып табылады. Осыған байланысты Шалқар суының сұранысын сыртқы нарықта жоғарылату және Шалқар қаласын туристік және демалыс орны ретінде, курортты орталық ашуға жағдай жасау.

Алға қаласы – Алға ауданының аудан орталығы, облыс орталығынан 45 шақырым қашықтықта орналасқан. Қала халқы – 15,0 мың адам, экономикалық белсенді халық саны – 7,4 мың адамды құрайды, олардың 2,7 мың адамы әлеуметтік және экономикалық салаларды құрайды. Қаладағы тиімді кәсіпорындардың бірі «Алға химзавод» АҚ, онда 4,8 мың адам жұмыс істейді, бұл қаладағы еңбек ресурсының 71,6% құрайды. Завод 1996 жылдан 2000 жылға дейін дәрменсіз-

дікке байланысты жұмыс істемей тұрды. Бұл жұмыссыздар санын 4,0 мың адамға жетуіне әкелді. Қалада өмір сүру жағдайын қамтамасыз ету кәсіпорындарының жағдайы қиын болды. Қаланың басқа аймақтармен көлік байланысы теміржол, автокөлік және құбырлық көлік тораптарымен жүргізіліп отырды. Теміржол байланысы Алға қаласының бойымен өтетін Қандыағаш – Ақтөбе – Илецк бір бағытты магистраль арқылы жүзеге асырылады. Автокөлік жолдары Ақтөбе, Октябрьск қалаларымен байланысады. Қала аумағымен қазіргі уақытта Бұхара – Орал газқұбыры магистралі өтеді, сонымен қатар Атырау-Орск жолжелісі арқылы Алға қаласына мұнай құбыры желісі өткізіліп тұр [4].



Сурет – Кіші қалалардың мамандануы

Алға қаласының әлеуметтік-экономикалық жағдайын талдауда бірқатар мәселелер табылды, оларды шешуге келесідей негізгі бағыттар қарастырылды:

- қалыптасқан өнеркәсіп («нитрохим» ААҚ) салалары арқылы, экономиканың өнеркәсіп секторын дамыту, мемлекеттік бағдарлама қарамағында импортты алмастырушы өнімдерді өндіру саласын құру, сонымен бірге «нитрохим» ААҚ арқылы жарылғыш заттар өнеркәсібі түрлерін дайындауға ғылыми зерттеу және жобалау орталығын құру, бұл жаңа 150 жұмыс орнының пайда болуына, өнделетін өнім көлемін және жергілікті бюджетке түсетін төлемдердің көбеюіне әкеледі;

- кальциленген сода шығаратын зауыт құрылысын бастау, жобаның жүзеге асырылуы 300 жұмыс орны ашылады;

- ауыл шаруашылық өнімдерін қайта өңдеу өндірісін қалыптастыру және олардың бәсекелестікке қарсы тұруын, шағын және орта бизнесті дамыту, жөндеу-құрылыс саласында жұмыс істейтін кәсіпорындар құру.

Хромтау қаласы – аудан орталығы. Облыс орталығынан 86 шақырым қашықтықта орналасқан. Халқы – 24124 адам. Қандыағаш – Жаманқала, Хромтау – Алтынсарин темір жолы, Ақтөбе – Хромтау тас жолы, Хромтау – Бадамша көтерме жолы шығады. Орталықта хром рудаларын өндіру, өңдеу және байыту ашық және шахталық әдіспен өндіретін 2 байыту фабрикасы, темір жол цехы бар. Хромтау қаласында халық саны күрт өсіп, жұмыссыздық көбеюде. Тұрғындар санының өсуіндегі негізгі көші-қон бағыты Хромтауға әкеліп отыр. Қазіргі кезде халықтың ірі және дамыған кіші елді мекендер аумағында концентрациялану бағыты күрт дамып келе жатыр [5].

Темір қаласы Темір өзенінің бойында орналасқан, облыстағы ескі қалалардың бірі. Қаладан 60 шақырымда Кенқияқ мұнай орны шо-

ғырланған. Аудан қой шаруашылығы саласына мамандандырылған. Бірақ қала теміржол байланысымен қамтамасыз етілмеген. Темір жол байланысының болмауы Темір қаласының өнеркәсіптік даму болашағын шектейді.

Кіші қалалардың индустриялық-инновациялық даму келешегін анықтағанда, біріншіден, қаланың шаруашылық қызметтерін санатқа алу керек [6, 7]. Қазіргі жағдайда кіші қалалардың экономикалық және әлеуметтік рөлін арттыру аса маңызды болмақ. Ондай қалалар аймақта қалыптасып жатқан қоныстану жүйесіне толық еніп болмағандығы, көп жағдайда 1917 жылға дейін пайда болған қалалар социализмге дейінгі өндіріс тәсілдерін бойында сақтап қалғаны байқалды. Бұл үрдіс қазіргі кезеңдегі күрделі жағдайда одан сайын шиеленісе түсуде.

Қорытынды

Қорыта келгенде, кіші қалалардағы әлеуметтік саясаттың негізгі мақсаты – әлеуметтік қайшылықтарды болдырмау, жоғары әлеуметтік қауіпті аудандардағы мәселелерді шешу.

Ақтөбе – Хромтау – Қандыағаш үш бұрышы Ақтөбе облысы тірек қаңқасының негізі, ал Шалқар қаласы субаймақтық сипаттағы тірек қаласы ретінде қаралады. Ақтөбе, Қандыағаш, Хромтау қалалары өздерінің демографиялық, экономикалық, әлеуметтік-мәдени әлеуетіне қатысты көп жағдайда кең ауқымды аумақтардың қызметтерін орындауға дайын, және олар аумақтағы тірек қаңқасының елеулі түрде маңызды буындық элементтері болып табылады. Шалқар қаласының тірек қаңқасының және сызықтық тірек нүктесінің үшбұрышты негізінен басқа көліктік-логистикалық орталықтың дамуының әлеуетімен Ақтөбе облысы аудандарының субосьтік бағыты келтірілген. Алға қаласы және оған теңестірілген аудан Ақтөбе урбандалу зонасының одан әрі дамуына септігін тигізе алады.

Әдебиеттер

- 1 Послание Президента РК Назарбаева Н.А. народу Казахстана. – Астана, 2012. – 147 с. [kazpatent.kz/acts/postslanie/2012.htm].
- 2 Стратегии территориального развития Республики Казахстан до 2015 года. – Астана от 28 августа 2006 года [http://ru.government.kz/doc].
- 3 Доклад о мировом развитии – 2009. //Новый взгляд на экономическую географию. – Вашингтон: Всемирный банк, 2009 [www.worldbank.org/wdr2009].
- 4 Доклад о развитии человека за 2007/2008. – Нью-Йорк: ПРООН, 2008 [hdr.undp.org/sites/default/].
- 5 Прогнозная схема пространственного развития и расселения населения. Компонент 2. – Астана, 2009 [www.economy.kz/upload/open/].

6 Ақтөбе облысының аумағын дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған бағдарламасы. – Ақтөбе, 2011. – 183 б. [www.economics.akto.kz/prtkaz.doc].

7 Ақтөбе қаласының аумағын дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған бағдарламасы. – Ақтөбе, 2011. – 145 б. [www.economics.akto.kz/prtkaz.doc].

References

1 Poslanie Prezidenta RK Nazarbaeva N.A. narodu Kazahstana. – Astana, 2012. – 147 c. [kazpatent.kz>acts/poslanie/2012.htm].

2 Strategii territorial'nogo razvitija Respubliki Kazahstan do 2015 goda. – Astana ot 28 avgusta 2006 goda [http://ru.government.kz/doc].

3 Doklad o mirovom razvitii – 2009. //Novyj vzgljad na jekonomicheskiju geografiju. – Vashington: Vsemirnyj bank, 2009 [www.worldbank.org/wdr2009].

4 Doklad o razvitii cheloveka za 2007/2008. – N'ju-Jork: PROON, 2008 [hdr.undp.org/sites/default/].

5 Prognoznaja shema prostranstvennogo razvitija i rasselenija naselenija. Komponent 2. – Astana, 2009 [www.economy.kz/upload/open/].

6 Aktobe oblysynyn aumagyn damytudyn 2011-2015 zhyldarga arналган bagdarlamasy. – Aktobe, 2011. – 183 b. [www.economics.akto.kz/prtkaz.doc].

7 Aktobe kalasynyn aumagyn damytudyn 2011-2015 zhyldarga arналган bagdarlamasy. – Aktobe, 2011. – 145 b. [www.economics.akto.kz/prtkaz.doc].